

Kazakh transcript:

Менің апам – Нұрғайша Қарымова өзінің жолдасын – Закария Аухадиев... соғысқа¹ шығарып салып, ешқашанда көрмеді... Менің апам өте мықты, өте жұмыскер адам болатын. Ол кісі істеген ісі ерлер мен бірдей болды. Сондай күшті адам болды ол кісі. Соғыс кездерінде менің апам рудниктын шахтасында жұмыс істеді. Ол өте қиын, әрбір әйелдің қолына келмейтін жұмыс. Менің апам өте көңілді, жұмыскер, өте ашық адам болатын. Ол кісі көп жұмыс істеді өмір бойы. Совет одағы болмай тұрып туған кісі. Соғыстан бері көп уақыт өтті, бірақ ешқашанда, ешқашанда менің апам өзінің жолдасын ұмытпады. Жиі-жиі сол кісіні еске алып жиі-жиі, «Закария... Бір хабар келсе ғой сол адамдан», деп айтатыны есімде бар. Сонда мен қазыр ойлаймын – қандай бұл махаббат, қандай бұл сенім, бұл кісінің жүрегінде қанша жыл жүрді.

Менің есімде бар, менің апам ораза² ұстайтын. Ол кезде біз бес жастағы, алты жастағы баламыз, ол – жетпісінші жылдар. Ол кезде ораза ұстау қиын нәрсе болатын. «Неге?», десеніз, бізде атеистік қоғам құрмақшы болған, атеистік қоғам құрғанмыз. Сонда дінге берілу, Ораза ұстау нәрселер дүріс емес деп саналатын. Сонда менің апам ешкімге көп айтпай, өзінің ісін ақырындап істеп, Оразасын ұстап, намазын оқып, сүйтіп жүретін. Бірақ біз ол нәрселерді (балалар) ешқашанда басқаларға айтпайтынымыз және басқа адамдар да білсе де оны сұрап ешқашан ол туралы әңгіме қозғамайды. Менің апам жүз жастан асқанда қайтыс болды. Мен бір нәрсеге таңғалатыным – ешқашан ештемені ұмытпайтын. Бәрін есіне сақтап, бүгін нешінші күн, нешінші ай, балалардың, шөберелердің туған күндерін біліп жатқа айтып отыратын. Сонда менің апам жүз жастан көп өмір сүрді. Денсаулығы өте мықты болатын. Ешқашан да ауырдым, шаршадым деген сөз естімейтім ол кісіден. Соның бәрін жаңағы таза жүрек, ақ ниетіне байланысты деп ойлаймын.

English translation:

My grandmother, Nurgaysha Karimova, had never seen her husband Zakarya Aukhadiev again after seeing him off to the war¹. My grandmother was a very strong and hardworking person. She worked equally with men. She was a very good person. During the war she worked in the mine. It was really hard work and only few women could do it. My grandmother was a very cheerful, hardworking and open-minded person. She had worked a lot her entire life. She was born before the formation of the Soviet Union. A lot of time had passed since the war, but she never forgot her husband. She would remember him very often and would say, “Zakarya... if only some news came from him!” Now I think what a great love and belief she had been cherishing in her heart for so many years!

¹ World War II or Great Patriotic War

I remember my grandmother fasting. At that time we were five, six year old children. It was in the seventies. It was very difficult to fast then because we were trying to build an atheistic society, well, we were building it. So being religious or fasting was considered wrong. And my grandmother without saying much would fast and pray, praying. But we, children, would never talk about it to other people and even if other people knew about it, they would never refer to that subject. My grandmother died when she was over 100 years old. I had been always surprised that she never forgot anything. She remembered everything even the day's date, children's birthdays and even grandchildren's birthdays. So my grandmother had lived for more than 100 years. She had been in very good health. I never heard from her that she was sick or tired. I think it's all because of her wholesome heart and pure soul.

About CultureTalk: CultureTalk is produced by the Five College Center for the Study of World Languages and housed on the LangMedia Website. The project provides students of language and culture with samples of people talking about their lives in the languages they use everyday. The participants in CultureTalk interviews and discussions are of many different ages and walks of life. They are free to express themselves as they wish. The ideas and opinions presented here are those of the participants. Inclusion in CultureTalk does not represent endorsement of these ideas or opinions by the Five College Center for the Study of World Languages, Five Colleges, Incorporated, or any of its member institutions: Amherst College, Hampshire College, Mount Holyoke College, Smith College and the University of Massachusetts at Amherst.

© 2003-2009 Five College Center for the Study of World Languages and Five Colleges, Incorporated